

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

тоғызында басынды жусаң, үйленсең бақытқа кенелесің», *An address with the number nine in it brings you a long life*, мағынасы: «сабыр түбі – сары алтын», аудармасы: «тоғыз санының мекен-жайы, сізге ұзақ өмір әкеледі». Кей ұғымдардан жақсылық пен жамандықтардың мағынасы бар екені көрінеді, мысалы: *The moon that falls nine days after the New Moon in May is considered to be an unlucky day*, аудармасы: «Мамыр айындағы жаңа айдан кейін 9 – шы күні түскен айды бақытсыз күн дейді»; *If you dream about the number nine, your home will soon be blessed with a child*, аудармасы: «егер 9 санын армандасаңыз, сіздің үйге бала жарылқайды» және т.б.

Қорыта айтқанда, сан есімдер ұйытқы болған фраземалардың бойында мифтік символдары сақталған. Демек, тіл – тілдегі фразеологиялық қордағы культтік – мифологиялық таным негізінде пайда болған фразеологизмдерден бүкіл адамзаттың рухани мәдениеті мен атаулары ұқсас және ортақ екенін байқаймыз. Біз бір мен тоғыз санының аралығындағы тілдік символикасын қарастырдық. Сонымен сан есімдерден болған фразеологизмдер заттың нақты санын білдірмейді, олардың бойында ұлт танымы дәстүрі, ойлау мен талитеті жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.
2. Авакова Р. А. Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы. Филол. ғ.д. атағын алуға жазылған дисс. Қолжазбасы – Алматы, 2003.
3. Кунин А. В. Английская фразеология – М., 1989.
4. Смит Л. П. Фразеология английского языка. Пер. С англ. Игнатова Р. М. – М., 1959.

ӘОЖ 001.894 (510)

ЕҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ ҚЫТАЙ ӨНЕРТАБЫСТАРЫ

Қарнақбаева Айтөре Бахытжанқызы

aitore20896@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Шәріпхан М.

Ежелгі Қытай – көптеген ғылымдардың дамуы үшін отан болған ең ежелгі әйгілі өркениеттердің бірі. Бұл өркениет қомақты мұра, ғылыми идеялар, өнертабыстар және осы уақытқа дейін бүкіл әлем пайдаланып жатқан технологияларды қалдырған.

Ежелгі Қытай өркениетіне көптеген ашылулар және өнертабыстар тиесілі, мысалы, оқдәрі немесе қағаз өндіру технологиясы. Осы мәдениеттің ойлап тапқан басқа ерекше технологиялары – оқ ататын қару, сейсмоскоп (жер сілкіністерін болжамдауға арналған құрылғы). Ежелгі Қытай өркениетінің ең ұлы жаңалық ашулары ретінде бағаланатын өнертабыстары – компас, қағаз өндіру технологиясы, мөр және оқдәрі, бұлардың барлығы Қытайда жасалған өнертабыстар мен жаңалықтардың толық тізімі емес.

Сірә, қытай мәдениеті секілді прогресске мұншалықты көп үлесті ешқандай ежелгі мәдениеті қоспаған шығар.

Ең әйгілі ежелгі қытай өнертабысынан бастайық. Оқдәрі Х ғасырда Қытайда өндірілген болатын. Алғашында ол өртегіш снарядтарға қосатын қоспа ретінде пайдаланылған, ал кейіннен, жарылыс әсері бар оқдәрі снарядтары шығарылған болатын. Қытай жылнамаларына сәйкес оқдәрілік оқпан қаруы 1132 жылы бірінші рет шайқаста қолданылған болатын. Бұл оқдәрі салынған және кейін жандырылған, ұзын бамбук түтігі болатын. Жауға осы «отшашармен» қатты күйіктер келтірілетін.

Бір ғасырдан кейін, 1259 жылы, алғашқы рет оқпен ататын мылтық пайда болған – жуан бамбук түтігі, оған оқдәрі заряды және оқ салынған. Кейін XIII – XIV ғасырлардың

аралығында Аспан асты елінде тас оқтары салынған металлдық зеңбіректер кеңінен таралған.

Әскери істен басқа, оқдаріні тұрмыста да белсенді қолданған. Осылайша, оқдарі індет кезінде ойық жара мен жараларды емдеуде жақсы залалсыздандыру құралы болып есептелген, сондай-ақ оны зиянды жәндіктерді улау үшін пайдаланатын.

Уақыт өте келе, біз қоспаларға металлдарды қоса отырып, ашық түс алатынымызды түсіндік, осылайша қазіргі түрлі-түсті фейерверктер пайда болды.

Компас: Компас болмағанда біз қайда болушы едік? Әрин, адасар едік. Басында компас оңтүстік бағытты анықтау үшін жасалған болатын. Бұл солай еді, себебі олар оңтүстікті маңызды бағыт деп есептейтін. Компас ежелгі Қытайдың басты технологиялық жаңалықтардың бірі болатын, ол Қытай үкіметі демеушілік еткен зерттеулерді алға жүргізетін және көмектесетін. Компасты ойлап табу Қытайды әлемнің ең мықты елдерінің бірі етті.

Компастың ойлап табылуын біздің дәуірімізге дейінгі 4 ғасырға жатқызуға болады. «Книга Мастера Долины Дьявола» деп аталатын кітап осы табиғи магнитті бейнелейді. «Магнит компас үшін қытайлармен пайдаланылатын бірінші зат болатын». Және де осы компас, алғашында, Сонг әулеті басқарған уақытта ойлап табылған болатын. Жазбалар 1040-1044 жылдары аралығында жазылған, ол бағыт көрсеткіші ретінде магниттен жасалған өнертабысын бейнелеген. Бұл өнертабыс немесе дұрысырақ айтсақ, компас кішкентай балыққа ұқсайтын және су толтырылған құтыда ағашқа ілініп сақталынған. Сонг әулетінің ресми жазбалары «оңтүстікті көрсетіп тұратын балық сияқты тас» деп белгіленген.

Қытай зерттеушілері алыс жатқан елдермен сауда-саттықты жүргізуге көмектесе отырып, ұзақ ғасырлар бойы компасты пайдаланып келген. Сондай-ақ компас жерде жүргізілетін зерттеулерде де кеңінен қолданылған. Қытай жазушылары оны «қараңғы түнде бағыт көрсетуші» ретінде бейнелейді. Жазушы, философ және ғалым Шен Куо, 1088 жылы шыққан өзінің кітабында алғашқы рет магниттік инесі бар құрғақ компастың жұмыс құрылысын көрсеткен. Жұмыс істеу принципі сол баяғыдай, бірақ құрғақ компас құтыда емес, ағаш жәшікке қыстырылған болатын. Және мұндай компас пайдалануда қолайлы болғанымен, бұл құрылғының құны қымбаттырақ болатын. Су компас еуропалықтар құрғақ компасты енгізгенше пайдаланылған.

Қағаз: Тілдер дами бастаған соң, адамдар ұзақ уақыт сақталуы мүмкін болған нәрселердің барлығына жаза бастаған. Қыша тақтайлары, бамбук, папирус, тастар – бұлар ежелгі адамдар жазған нәрселердің аз ғана атаулары.

Цай Лунь (Cai Lun) деген қытай қазіргі қағаздың прототипін жасағаннан кейін жағдай түбегейлі өзгерді. Луньнің туындысына дейін, қытайлықтар бамбуктың және жібектің жұқа кесінділерінде жазған, бірақ б.д.д 105 жылы ол ағаш талшықтарынан және судан тұратын қоспаны жасап, оны сосын матамен басқан. Матаның өрілуі алынған негіздің сол арқылы сіңуіне мүмкіндік берді, және соның нәтижесінде бірінші қағаз пайда болды.

Ежелгі Қытайда пайда болған қағаз жазу құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге шығармашылық Қытай жаңалық ашушылары өндірістік сөмкелер, сондай-ақ банкноттар үшін шикізат ретінде де пайдаланған.

Қағаздың шығу тарихы Хан әулетінің басқару уақытына тұспа-тұс келеді, ол біздің дәуірімізге дейінгі 202 жылдан бастап 220 жылға дейін билік еткен. Сарай ғалымы Каи Лун өзінің алдына мақсат қояды – қағаз шығару. Ол үшін ол тұт, зығыр талшықтарын, кәдеге жаратылған материалды пайдаланған – талшықтарды біріктіру үшін ескі шүберектерді және қарасораның жарамсызын, және балық аулайтын ауды да пайдаланған. Бұның барлығы біркелкі массаны алғанға дейін қыздырылған. Осылайша, алынған массаны ұнтаққа ұнтақтап және содан соң су қосатын. Алынған қоспаны рамадағы қамысты ағаш елекке жағып қоятын.

Содан соң алынған қағазды күнге жаятын. Қағаз күннің сәулелерінен кейін аппақ болып шығатын.

Алайда, кейбір археологиялық деректер ежелгі Қытайдағы қағаз біздің дәуірімізге дейінгі 8 ғасыр ішінде пайда болуы мүмкін дегенді белгілейді.

Басында қағаздың бұл шикі қалып жазуға жарамсыз болатын және оны орау құралы ретінде пайдаланған. Біздің дәуіріміздің 3-ғасырдың аяғында, бұл шикізат жазу үшін қарапайым материал болған, және де 6-ғасырда ол дәретхана қағазы ретінде пайдаланылған.

Паста: Пастаның түр-түрін жеуге құмар барлық адамдар қытайлар алдында бас ию керек, себебі олар макарон өнімдерінің бірінші әзірлеушілері болып табылады.

2006 жылы археологтар тибет шекарасының маңындағы Цинхай аймағындағы көне қоныстарды қазып алған еді (жасы 4000 жылдан астам). Олардың арасында олар созылған кеспесі бар кесені тапқан, ол тереңдігі он фут жерге қазылған, ол төңкерілген күйде кесек кесекте сақталған, бұл кесе мен қалдықты жерлер арасында вакуум жасаған. Табылған кеспе әлемдегі ең көнесі болуы мүмкін. Ол Қытайда 7000 жылдан астам өсірілетін тарының екі түрінен жасалған. Оның үстіне, қытайлықтар әлі күнге дейін макарон өнімдерін жасау үшін осы тұқымдарды пайдаланады.

Қол арба: Қытайлықтар бүкіл әлемдегі адамдарға қол арбаны жасап көмектескен-ді. Хань әулетінің заманында өмір сүрген Юго Лянг атты генерал екінші ғасырда ауыр заттарды тасымалдау үшін бір дөңгелекті кәрзеңкенің үлгісін шығарған. Лянг «кәрзеңкесі» бір кемшілігі болған: оның қол ұстайтын саптары болмаған, олар бұл зат жетілдірілген соң пайда болған. Бастапқыда, қол арба әскери мақсаттар үшін арналған болатын. Қол арбаның артықшылықтары қытайлықтарға өзінің жауы алдында бірқатар басымдылық беретін – олар оны тосқауылдар ретінде пайдаланды, сондай-ақ тасымалдау үшін – қытайлықтар көптеген ғасырлар бойы оның құпиясын сақтап келген. *Сейсмограф*

Әрине, қазіргі уақытта Рихтер шкаласын пайдалана отырып, жер сілкінісінің қуаты туралы айта алатындай, қытайлықтар жер сілкіністерінің қуаты туралы айта алмаған (ол 1935 жылы жасалған), бірақ олар әлемдегі ең бірінші жер сілкіністерінің детекторын шығарды – сейсмограф. Империялық астрономы Чжан Хэнг (Chang Heng) Хань әулетінің билік еткен уақытында екінші ғасырдың басында шығарып қана қоймай, ол оны өте әдемі жасаған.

Хэнгтің бұйымы ондағы бейнеленген тоғыз айдаһары бар қола ыдысы ретінде болған. Айдаһарлар бір-бірінен бірдей қашықтықта орналасқан, ал әрбір айдаһардың астында аузы ашылған бақа болатын.

Ыдыстың ішінде тілшік ілінген, ол жер сілкінісі болған уақытта қозғалатын. Содан соң сейсмографтың көптеген ішкі тетіктері оны қозғалысқа келтіретін. Бұл шардың айдаһардың аузына қозғалуына әкелетін, бұл жер сілкінісі эпицентрінің бағытын көрсететін. Бұл бірінші сейсмограф ебедейсіз болып көрінетін, алайда, ол батыс ұлттары осы құрылғының жаңа нұсқаларын ойлап тапқанға дейін 1500 жыл пайдаланылған.

Жазбалар осы құрылғының дәл жұмыс істегенін дәлелдейді. Чжан Хэннің сейсмоскопы жүз шақырымдық қашықтықта (0,5 км) болып жатқан шағын соққыларды тіркегенде де дәл табатын. Осы құрылғының жұмыс істейтіндігін оны шығарғаннан кейін көрсетілген болатын. Шар айдаһардың аузынан бірінші рет аунап түскенде, сарай адамдары бұның жер сілкінісі екеніне сенбеген, себебі соққылар ол уақытта сезілмеген. Бірақ, бірнеше күннен кейін 600 км шақырымнан астам қашықтықтағы астанадан солтүстік-батыс бағыттағы Лунси қаласындағы жер сілкінісі туралы хабармен шабарман жетіп келді. Сол уақыттан бастап астрономиялық ведомствоның лауазымдық тұлғалары жер сілкінісі бағыттарының жазбаларын жасауға міндетті болатын. Кейінірек, осыған ұқсас құралдар Қытайда бірнеше рет құрылған. 3 ғасырдан кейін математик Синьту Фан осыған ұқсас құралды бейнелеген, және оны жасап та шығарған болуы мүмкін. Лян Сяогун 581 және 604 жылдар аралығында сейсмоскопты жасап шығарды. XIII ғасырда монғол билігі уақытында сейсмоскоптарды жасау принциптері ұмытылған болатын. Еуропада алғашқы сейсмограф 1703 жылы пайда болған.

Батпырауық: Қытайлықтардың мақтанышы – батпырауықты екі қытай ер адамы шығарған. Б.з.д 4 ғасырда Гонгшу Бан (Gongshu Ban) және Мо Ди (Mo Di), өнер және философия әуесқойлары жел тұрғанда оңай ұшатын құсқа ұқсас жыланды ойлап тапты. Бұл екеуінің идеясы тез тарап кетті.

Уақыт өте келе, қытайлықтар оны жетілдіріп, ойын-сауықтан гөрі басқа мақсаттарда пайдаланатын болған. Батпырауықтар қайықты қолданбай балық аулауға пайдаланатын,

оларды әр түрлі қамауларды құру үшін оқдәріні жеткізуші ретінде пилотсыз ұшақтар ретінде әскери мақсаттарда пайдаланған.

Жібек: Қытай – жібек елі. Ұзақ уақыт бойы Батыс үшін Қытай, ең біріншіден жібек елі болатын. Қытайдың грекше атауы да - Seres , Қытайдың атаулары көптеген еуропалық тілдерінен қытай сөзі Сы – жібек дегеннен шығады. Жібек өндіру құпиясы қытайлықтарға ежелден-ақ белгілі болатын. Аңыз бойынша жібек құрттарын өсіруді, жібекті өндіруді және жібек жіптерінен тігуді қытай әйелдеріне Си Лин үйреткен, ол аңыз бойынша б.з.д. 2,5 мың бұрын билік еткен Хуан Ди бірінші императордың әйелі еді. Жібек шаруашылығының сүйеушісі ретінде оған жеке гибадатхана салынған болатын. Әр көктем сайын императордың үлкен әйелі тұт ағашының жапырақтарын жинап, оларды құрбандыққа әкелетін. Жібек матасы жібек құрттарының пілләсынан алынатын жіптерден дайындалады. Оларды өсіру үлкен еңбекті қажет етеді. Үлкен сақтықты талап етеді, себебі гуіл, самал немесе түтін де зиян келтіруі мүмкін, сондай-ақ, бөлмедегі температура мен ылғалдылықты мұқият реттеу керек. Ал құрттарды тұт ағашының жапырақтарымен ғана, және де таза, кептірілген жапырақтармен тамақтандырады. Құрттар – әр түрлі ауруларға шалдығатын ең нәзік жәндіктер: біртұтас колония дұрыс қарамаған кезінде бір тәулік ішінде өліп қалуы мүмкін. Сәуірдің бірінші күндерінде жұмыртқалардан кішкентай жұлдызқұрт шығады, ал 40 күннен кейін ол жетіліп, піллә жасай алады. Әдетте, ересек жұлдызқұрт сұры түсті, ұзындығы 7-8 см және жуандығы шынашақтай. Бұл жұлдызқұрттар сабанның арнайы дайындалған шоғырларында пілләсін өреді. Процесс 3-4 күнге созылады, ал бір піллә жібінің ұзындығы 350 бастап 1000 метрге дейін болады. Жібек пілләні тарқату жолымен алынады. Піллә жібек жіптен және осы жіпті байлайтын желімнен тұрады. Оны жұмсарту үшін пілләні ыстық суға салады. Себебі бір пілләнің жібі өте жұқа, әдетте, 4-8 пілләнің жіптерін алып, біріктіріп, ақық шығыршықтан өткізіп және ұршыққа бекітеді, ол ақырын айналады, ал жіптер шығыршықтан өтіп, бір жіпке бірігеді. Осылайша аршылмаған жібек пайда болады. Ол соншалықты жеп-жеңіл болғандықтан 1 кг дайын матаға жіптің 300-ден 900 км дейін жетеді.

Қытай шайы: Қытайда шай ежелгі уақыттан бері белгілі. Біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда жазылған көне көздерде шай бұтақтарының жапырақтарынан алынатын дәрілік тұнба туралы жазбалар кездеседі. Шай туралы жазылған алғашқы кітап, Тан әулетінің уақытында (618-907) өмір сүрген Лу Ю ақыны жазған «Классический чай» кітабы шайды өсірудің және дайындаудың әр түрлі әдістері туралы, шайды ішу өнері туралы әңгімелейді. Қытайда шай VI ғасырда-ақ ең таралған сусын болатын.

Басқа аңыз бойынша шайды Шен Нон императоры кездейсоқ ішкен. Жабайы шайшөптің жапырақтары қайнаған суға түскен. Сусыннан тараған иіс соншалықты дәмді болған, император дәмін татқан. Ол дәміне таң қалғаны соншалықты, шайды ұлттық сусын еткен.

Шайдың ең кең таралған түрлері – көк (люй ча) және қара шай (хон ча). Олар бір бұтақтың жапырағынан дайындалғанымен, түсі, дәмі бойынша ерекшеленеді. Бұл айырмашылық өңдеу тәсілдерінің арқасында пайда болады. Көк шайды алу үшін обырсу үшін жөке орауышқа екі-үш сағатқа төгеді. Осыдан кейін оны дөңгелек темір табаларға салады, оның астын жағып қояды, және үзбей араластырып және аударады. Жылудың әсерінен жапырақтар жарылып, шырын бөлінгендіктен ылғалды және жұмсақ болады. Осыдан кейін оларды бамбук үстелдеріне қойып, қолдарымен жаяды. Бұл ретте, шырынның бір бөлігі сығылып, үстелдің саңылаулары арқылы ағады, ал жапырақтар болса оралып қалады. Сосын оларды жөке орауышқа қайтадан салып, таза ауада біршама уақытқа көлеңкеге салып қояды. Одан әрі қуыру үрдісі болады. Жапырақтарды қайтадан табаға салып, араластырып ысытады. Олар кеуіп, қысылып, оралып қалады. Бір сағаттан кейін қуырылу аяқталып, елеуіштер арқылы елегеннен кейін және сұрыптағаннан кейін шай дайын.

Қара шайды алу үшін таза ауада бірінші рет қақтау он екі сағаттан жиырма сағатқа дейін жалғасады. Бұл уақыт ішінде жапырақтарда жеңіл-желпі ашу басталады. Үстелдегі жапырақтарды қаттырақ жайып, көп шырын алуға тырысады. Сосын оларды таза ауада одан ары ашу үшін екі-үш күнге жайып қояды. Көк шай мен қара шайды дайындаудағы негізгі

айырмашылық осы процессте. Табаларда қыздыруды және жаюды бүкіл шырын сығылғанша жасала береді. Ақтық қуыру ашу процессін тоқтатады. Осыдан кейін шайды елеп және сұрыптап қояды. Қытай шайының көптеген түрлері сұрыптары (600 астам) , ерекше жоралғылары және демдеу тәсілдері, шай ішу әдептері бар. Бұл дәстүрлер әлі күнге дейін Қытайда сақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. "Искусство Китая", Н.А. Виноградова, [Изобразительное искусство](#), 1988, 250 стр
2. www.epoha.ru
3. «Срединное государство. Введение в традиционную культуру Китая» [И.А.Алимов](#), [М.Е.Ермаков](#), [А.С.Мартынов](#), «[Муравей](#)», 1998, 288 стр
4. <http://artyx.ru/>

ӘОЖ81'367.627.1=811.581

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ МӨЛШЕР СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Каримова Әйгерім

ai_kerim_ai_gera@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті шетел тілдер теориясы мен практикасы кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Исаев Әбілхан Үкібайұлы

Мөлшер сөздердің болуы - қытай тілі мен сино-тибеттік тілдердің сөз таптары жүйесіндегі ерекшеліктің бірі әрі қытай тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің қиын , маңызды аспектісі. Қытай тілінде 800-ден астам мөлшер сөз бар, оның 200-і жалпы қолданыста болса, ал мезгіл мөлшер сөздердің саны тіптен көп. Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің грамматикалық функциялары әр түрлі. Құрама мөлшер сөздер заттың санын білдіреді; универсал мөлшер сөздер заттың пішінін анықтайды: етістікті мөлшер сөздер орындалған іс-әрекеттің санын көрсетсе, мөлшер сөздердің қайталануы жалпылықты білдіреді.

Қытай тіліндегі мөлшер сөздер мағыналық жағынан әртүрлі және зат есіммен, етістікпен тіркесуі кезінде сипатталады. Олар формасына, стилистикалық реңкке байланысты ажыратылып, өзіндік эстетикалық түрлілікке ие болып келеді.

Кросс-мәдени тілдік қарым-қатынас себебінен шет ел студенттері, әсіресе үнді-еуропа тілде сөйлейтіндері, мөлшер сөздерді меңгеру барысында жиі ана тілінің ықпалында болады. Оның салдары студенттердің мөлшер сөздерді қолданбауы не қате қолдануына алып келеді. Мөлшер сөздер оқыту қытай тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің аспектісінде маңызды орын алады. Егер студенттер мөлшер сөздерді толығымен меңгеріп алса, олар қытай тілінің лексикалық базасын ғана үйреніп қоймай, қытай тілінің мәдени аспектісін де меңгереді.

1.Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің классификациясы.

Қытай тіліндегі 11 сөз табының ішінде мөлшер сөздер сөз табы ретінде кейін қосылған [1,2]. Мөлшер сөздердің классификациясы әрдайым дау тудырғаны мәлім. Кейбір ғалымдар мөлшер сөздерді 2-ге бөлсе, кейбіреулері 3 не 4 түрге жіктейді. Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың объектісі шет ел студенті болса, оның мақсаты шет ел студентіне қытай тілін түсінуге, үйренуге, жетік меңгеруге және оны кез-келген тілдік қарым-қатынас кезінде қолдана алуына көмек беру болып табылады. Осыған орай нақтылық, түсініктілік, жан-жақтылық қағидаттарын ұстанып, оқу материалдарын тандаған дұрыс.

Мөлшер сөздердің классификациясына келсек, біз оларды 2 түрге бөлу деген пікірді жөн деп санаймыз: заттарға арналған мөлшер сөздер (есім мөлшер сөздер) және етістікке арналған мөлшер сөздер. Бұл классификацияның жақсы мысалы ретінде Хэ Цзенің жұмысын атап көрсетуге болады: «Мөлшер сөздердің екі түрі болады: бірі - нақты заттарды санағанда